

**КМҚК «№140 бөбекжай-балабақша»  
тамақтану сапасы мониторингі жөніндегі комиссияның отырысының  
Хаттамасы №7**

**«31» шілде 2024 жыл**

**Қатысқандар:**

Меңгерушінің м.а. – Сатпаева Д.К.

Кәсіподақ төрайымы – Масакбаева Б.Р.

Балабақша медбикесі, диетбикесі – Есжанова М.С.

Ата-аналар комитетінің мүшесі – Мейрбекова К.С.

Қоймашы – Бердибаева М.Д.

**Күн тәртібінде:**

1. Ас блогы қызметкерлерінің жұмысты ұйымдастыруын қадағалау.
2. Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясын тексеру.

**Тыңдалды:**

Бірінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша ас блогы қызметкерлерінің жұмысты ұйымдастыруын тексеру барысының қортынды есебінде балабақша медбикесі Есжанова сөз сөйледі. Тексеру барысында мекеменің ас блогы мұздатқыштар, тоңазытқыштармен жабдықталғаны анықталды. Қоймада, ас бөлмедегі тоңазытқыштарда, мұздатқыштарда толық жұмыс істейді. Тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдылық жағдайына сәйкестігі, азық-түліктердің сақталуы талапқа сай сақталған. Ас блогы қызметкерлеріне киімдерін сақтайтын жеке шкафтар көзделген, барлық сыртқы киімдері және аяқ киімі жабық жеке шкафтарда сақталады. Жұмыстың алдында медбике ас блогы қызметкерлерінің денсаулығын, дене қызуын, денелері мен қолдарында тері ауруларының бар-жоғын тексеріп шығады. Балабақшада жеке гигиеналарын сақтауға барлық жағдай жасалған, жеке бөлмелер мен жуынатын бөлме қарастырылған.

2. Екінші сұрақ бойынша қоймашы Бердибаева М.Д. тыңдалды. Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясын тексеру. Балабақшаға жаңадан қабылданған азық-түлік шикі тағамдарды қоймашы мен аспазшы бірге қабылдап алады. Қабылдау кезінде сапасы төмен, сертификаттары жоқ азық-түліктердің әкелуіне жол берілмейді. Қазір жаз мезгілінде азық-түліктің сапасына, дұрыс тасымалдауына қатаң көңіл бөлінеді. Жоғары сапалы азық-түліктер қабылданады. Қоймада, ас бөлмедегі тоңазытқыштарда, мұздатқыштарда тамақ сақтаудың температуралық және ылғалдылық жағдайына сәйкестігі, азық-түліктердің сақталуы талапқа сай сақталған.

**Шешімі:**

1. Ас блогы қызметкерлерінің жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелді.
2. Балабақшада азық-түліктің сапалы түрлерін қолдану, тамақ дайындау технологиясы талапқа сай екені анықталды.

**Комиссия мүшелері:**

Меңгерушінің м.а. -

Кәсіподақ төрайымы –

Балабақша медбикесі, диетбикесі –

Ата-аналар комитетінің мүшесі –

Сатпаева Д.К.

Масакбаева Б.Р.

Есжанова М.С.

Мейрбекова К.С.

